

Қазақстан Республикасы экология және
табиғи ресурстар министрлігі



«Қазгидромет» РМК

2025 ж. «21-23» маусым күніне арналған

**Қазақстан Республикасының таулы аймақтары бойынша жауын-шашындық генезисі
бар сел қаупінің күнделікті бюллетені №34**

(Бюллетеньнің қолданылу мерзімі: 2025 жылғы 20 маусым сағат 20:00-ден 23 маусым сағат 20:00-ге дейін)

құрастырылған күні: 20.06.2025 ж.

Мекен жайы: Алматы қ., Абай көшесі, 32
Астана қ., Мәңгілік ел,

Сел үдерістерін зерттеу және
селді болжау басқармасының
басшысы:

Яфязова Р.

тел.: 8(727) 267-53-38

e-mail: seli@meteo.kz

Кезекші синоптик:

Азилкыясова Л.

тел.: 8(7172) 79-83-75

e-mail: ukpp@meteo.kz

2025 жылғы «21-23» маусымға

Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жаңбыр генезисті сел қауіптілігі туралы Кеңес беру

Облыстар	Сел қаупі бар аудандар	Гидрометеорологиялық жағдай
Алматы	Іле Алатауы	Қар дақтары жатыр. Нөлдік изотерма таңғы сағат 5-те 4530 м биіктікте болды. Орташа тәуліктік ауа температурасы 2,0 °С жоғарылады, орташа түнгі ауа температурасы 0,7 °С төмендеді. 21 маусым Өткінші жаңбыр, найзағай, түнде кей уақытта қатты жаңбыр (1-29 мм), бұршақ, дауыл. Іле Алатауының орта таулы және төмен таулы аймақтарында қарқынды және ұзақ жауын-шашын жауған кезде сел түзілуі мүмкін. Кіші Алматы және Үлкен Алматы өзендері алаптары үшін, сел қалыптастырушы факторлардың критериалды мәндеріне жеткен кезде, дауылды ескерту берілетін болады. Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтаңыз. 22, 23 маусым өткінші жаңбыр (1-14 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
	Күнгей Алатауы	Қар дақтары жатыр. Орташа тәуліктік ауа температурасы 2,5 °С өсті, орташа түнгі 2,6 °С өсті. 21 маусым өткінші жаңбыр, найзағай, түнде кей уақытта қатты жаңбыр (1-29 мм), бұршақ, дауыл. Қарқынды ұзаққа созылған жауын-шашын кезінде Күнгей Алатауында селдердің қалыптасуы мүмкін. Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтаңыз. 22, 23 маусым өткінші жаңбыр (1-14 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
	Теріскей Алатау	Орташа тәуліктік ауа температурасы 1,9 °С өсті, орташа түнгі 3,7 °С өсті. Өткінші жаңбыр, найзағай, түнде кей уақытта қатты жаңбыр (1-29 мм), бұршақ, дауыл. Қарқынды ұзаққа созылған жауын-шашын кезінде Теріскей Алатауында селдердің қалыптасуы мүмкін. Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтаңыз. 22, 23 маусым өткінші жаңбыр (1-14 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
Жетісу	Жетісу Алатауы	Жетісу алатауының батыс, солтүстік және оңтүстік бөліктерінде қар жамылғысы 4000 метрге жуық және одан жоғары. Орташа тәуліктік ауа температурасы 1,2-1,7 °С, орташа түнгі 0,3-1,3 °С дейін көтерілді. 21 маусым түнде жаңбыр, кей уақыттарда қатты жаңбыр (1-18 мм), найзағай, бұршақ. Жетісу Алатауында қарқынды ұзақ жауын-шашын түскенде сел түзілуі мүмкін. Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтаңыз. 22, 23 маусым өткінші жаңбыр (1-10 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
Жамбыл	Қырғыз Алатауы	Қар дақтары жатыр. Ауа температуралары төмендеді, орташа тәуліктік 1,2 °С, орташа түнгі 2,8 °С. 21 маусым Түнде кей жерлерде өткінші жаңбыр (1-3 мм), найзағай болады. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 22, 23 маусым күндіз өткінші жаңбыр (1-10 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
	Талас Алатауы	
Түркістан	Талас Алатауы	Қар дақтары жатыр. Орташа тәуліктік ауа температурасы 0,2 °С өсті, орташа түнгі ауа температурасы 1,2 °С түсті. 21 маусым жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 22, 23 маусым күндіз өткінші жаңбыр (1-3 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
	Өгем жотасы	

Маңғыстау	Маңғыстау таулары	Ауа температуралары шамамен өзгерген жоқ. 21 маусым жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 22, 23 маусым өткінші жаңбыр (1-10 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
Абай	Тарбағатай	Орташа тәуліктік ауа температурасы 0,5 °С, орташа түнгі 0,3 °С жоғарылады. 21 маусым кей жерлерде жаңбыр (1-10 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 22, 23 маусым жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
Шығыс Қазақстан	Сауыр	Ауа температурасы төмендеді, орташа тәуліктік ауа температурасы 2,7 °С, орташа түнгі 3,7 °С. 21 маусым түнде кей жерлерде жаңбыр (1-7 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 22, 23 маусым жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
	Қазақстандық Алтай	Қазақстандық Алтайдың солтүстік-батыс бөлігінде ауаның орташа тәуліктік температурасы 0,7 °С өсті, түнгі орташа 1,0 °С төмендеді, оңтүстік-шығыс бөлігінде ауаның орташа тәуліктік температурасы 0,9 °С жоғарылады, түнгі орташа 1,1 °С төмендеді. 21 маусым түнде жаңбыр, найзағай, кей жерлерде қатты жаңбыр (1-18 мм), күндіз кей жерлерде жаңбыр (1-10 мм), найзағай, бұршақ, дауыл. Қазақстанның Алтай тауларында қарқынды ұзақ жауын-шашын түскенде сел түзілуі мүмкін. Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтаңыз. 22, 23 маусым жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.

Жаңбыр генезисті сел қауіптілігінің деңгейі (1 Қосымша)

!!! Ескерту: Сел қауіпті ауданда тәртіп ережесін сақтаңыз (2 Қосымша)

Жаңбыр генезисті сел қауіптілігінің деңгейі

Сел қауіптілігінің деңгейлері	Сел қауіптілігінің деңгейін анықтайтын факторлар	Селдің қалыптасу ықтималдығы	Қауіптілік дәрежесі	Қорғау шаралары
	Маусымдық қар сызығы жайғасуының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының жоғары мәндері; болжамды сұйық жауын-шашын мөлшері ≥ 30 мм (өте қатты жаңбыр) және нақты жауған сұйық жауын-шашын мөлшері ≥ 40 мм	Сұйық жауын-шашынның өте қатты жауу ықтималдығы және ұзаққа созылатын сел түзуші қарқынды жауын-шашынның нақты жаууы (≥ 40 мм)	Халық пен шаруашылық нысандары үшін үлкен қауіп	Мемлекеттік басқару органдары мен халықты хабардар ету.
	Маусымдық қар сызығы жайғасуының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының жоғары мәндері; болжамды сұйық жауын-шашын мөлшері 15-29 мм (қатты жаңбыр)	Ұзаққа созылатын сел түзуші қарқынды жауын-шашынның (≥ 40 мм) жауу ықтималдығы	Халық пен шаруашылық объектілері үшін потенциалды қауіп	Мемлекеттік басқару органдары мен халықты хабардар ету.
	Маусымдық қар сызығы жайғасуының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының салыстырмалы түрде төмен мәндері; болжамды сұйық жауын-шашын мөлшері 15-29 мм (қатты жаңбыр)	Ұзаққа созылатын сел түзуші қарқынды жауын-шашынның (≥ 40 мм) жауу ықтималдығы	Төмен таулы аймақта селдің пайда болу аймағында адамдар үшін потенциалды қауіп	Мемлекеттік басқару органдарына және халыққа хабарлау.
	Төмен ауа температурасы, топырақтың ылғалдылығы, сұйық жауын-шашынның болмауы.	Селдің қалыптасу жағдайлары жоқ	Қауіптілік жоқ	Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтау, «Абайлаңыз, сел қауіптілігі бар телім» ескерту қалқандарын назарға алу

Сел қауіптілігінің белгілері және Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелері

Тауларға бару және онда болу жоспарланғанда, ауа райының өзгерістерін және дауылды ескертулерді бақылау қажет. Сел қауіпі туындаған жағдайда, сел қауіпі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтау керек. Сел ағынының тереңдігі 40-50 м жетуі мүмкін (әсіресе арнаның бұрылыстарында), ағынның қозғалу жылдамдығы-5-10 м/с және одан жоғары (жекелеген жағдайларда 15-20 м/с дейін) болады. Егер адам сел ағынына түссе, өлімге алып келуі сөзсіз, сондықтан қауіпсіздік шараларын сақтау ерекше мәнге ие болады.

Қатты жауын-шашынның түсуінен туындаған сел қауіптілігінің белгілері

- ✓ Өзендегі судың шығыны мен лайлылығының күрт артуы.
- ✓ Өзен арнасының жоғарғы бөлігінде балшық шаңы бұлтының және гүрілдің пайда болуы.
- ✓ Селге жақын жерде топырақ беткейін шайқау.

Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелері

- ✓ Өзен арнасына (жайылмасына), құрғақ арнаға және көл бөгетіне жақын жерде демалуға және шатырлы лагерь құруға болмайды.
- ✓ Бақылаушыны алға қойыңыз, сонда ол алда не болып жатқанын көреді және төнген қауіп туралы ескертеді, сонымен қатар өзеннен су алуға барғанда.
- ✓ Сұйық жауын-шашынның қарқынды түсуі және сел қауіптілігінің басқа да белгілері кезінде өзен арнасынан (жайылмасынан), құрғақ арнадан алыстау және аңғардың баурайы бойынша 40-50 м жоғары көтерілу.
- ✓ Сел өткен кезде одан өзен арнасының бойымен қашуға болмайды, аңғардың баурайы бойымен 40-50 м жоғары көтерілу керек (сел тасқынынан тастар ұшуы мүмкін).
- ✓ Тік жартастар мен тік беткейлердің астында тоқтамаңыз (топырақ беткейінің шайқалуынан, сел жақын жерде, құламалар мен тастың түсуі болуы мүмкін).
- ✓ Сел өткеннен кейін өзен арнасына түспеу, өйткені арнада сел қайта қалыптасу мүмкін.
- ✓ Сел жүріп өткеннен соң беткейлердің сырғуынан, үзілген немесе салбырап тұрған электр сымдарынан, бүлінген газ магистралынан абай болған жөн.

2025 жылғы «21» маусымға
ҚР таулы аудандары бойынша ауа-райы болжамы

Іле Алатау	Өткінші жаңбыр, найзағай, түнде кей уақытта қатты жаңбыр (1-29 мм), бұршақ, дауыл. Батыстан соғатын жел солтүстік-шығысқа ауысады 9-14, екпіні 18-23, кей уақытта 28 м/с. 2000 м: Ауа температурасы түнде 7-12, күндіз 17-22 градус жылы. 3000 м: Ауа температурасы түнде 2-7, күндіз 12-17 градус жылы.
Күнгей Алатау	Өткінші жаңбыр, найзағай, түнде кей уақытта қатты жаңбыр (1-29 мм), бұршақ, дауыл. Батыстан соғатын жел солтүстік-шығысқа ауысады 9-14, екпіні 18-23, кей уақытта 28 м/с. Ауа температурасы түнде 12-17, күндіз 20-25 градус жылы.
Теріскей Алатау	Өткінші жаңбыр, найзағай, түнде кей уақытта қатты жаңбыр (1-29 мм), бұршақ, дауыл. Батыстан соғатын жел солтүстік-шығысқа ауысады 9-14, екпіні 18-23, кей уақытта 28 м/с. Ауа температурасы түнде 10-15, күндіз 20-25 градус жылы.
Жетісу Алатау	Түнде жаңбыр, кей уақыттарда қатты жаңбыр (1-18 мм), найзағай, бұршақ. Солтүстік-батыстан жел соғады, күші 9-14 м/с. 2000 м: Ауа температурасы түнде 5-10, күндіз 17-22 градус жылы. 3000 м: Ауа температурасы түнде 4-9, күндіз 16-21 градус жылы.
Қырғыз Алатау	Түнде кей жерлерде өткінші жаңбыр (1-3 мм), найзағай болады. Солтүстік-батыстан жел соғады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 11-16, күндіз 26-31 градус жылы болады.
Талас Алатау (Жамбыл облысы)	Түнде кей жерлерде өткінші жаңбыр (1-3 мм), найзағай болады. Солтүстік-батыстан жел соғады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 11-16, күндіз 26-31 градус жылы болады.
Талас Алатау (Түркістан облысы)	Жауын-шашынсыз. Батыстан, солтүстік-батыстан жел соғады, күші 8-13 м/с. Ауа температурасы түнде 10-15, күндіз 20-25 градус жылы.
Өгем жотасы	Жауын-шашынсыз. Батыстан, солтүстік-батыстан жел соғады, күші 8-13 м/с. Ауа температурасы түнде 12-17, күндіз 23-28 градус жылы.
Маңғыстау таулары	Жауын-шашынсыз. Жел оңтүстік-батыстан солтүстік-батысқа ауыспалы, күші 9-14, күндіз кей жерлерде 15-18 м/с. Ауа температурасы түнде 17-22, күндіз 27-32 градус жылы.
Сауыр	Түнде кей жерлерде жаңбыр (1-7 мм), найзағай. Оңтүстік-шығыстан соғатын жел оңтүстік-батысқа ауысады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 15-20, кей жерлерде 10, күндіз 25-30, кей жерлерде 20 жылы.
Тарбағатай	Түнде кей жерлерде жаңбыр (1-10 мм), найзағай. Жел оңтүстіктен, оңтүстік-батыстан соғады, түнде күші 9-14, кей жерлерде 15-20 м/с, күндіз 15-20, кей жерлерде екпіні 23-28 м/с. Ауа температурасы түнде 18-23 градус жылы, күндіз 27-32 градус жылы, кей жерлерде қатты ыстық 35 градус.
Қазақстандық Алтай	Түнде жаңбыр, найзағай, кей жерлерде қатты жаңбыр (1-18 мм), күндіз кей жерлерде жаңбыр (1-10 мм), найзағай, бұршақ, дауыл. Оңтүстік-шығыстан соғатын жел оңтүстік-батысқа ауысады, түнде күші 9-14, кей жерлерде 15-20 м/с, күндіз 15-20, кей жерлерде екпіні 23-28 м/с. Ауа температурасы түнде 18-23, кей жерлерде 13, күндіз 27-32, кей жерлерде 22 градус жылы.

2025 жылғы «22-23» маусымға арналған
ҚР таулы аумағы бойынша консультативтік болжам

Алматы: 22-23 маусымда өткінші жаңбыр (1-14 мм), найзағай. Ауа температурасы 22 маусымда түнде 8-13, күндіз 20-25 градус жылы, 23 маусымда түнде 10-15, күндіз 22-27 градус жылы.

Жетісу: 22-23 маусымда өткінші жаңбыр (1-10 мм), найзағай. Ауа температурасы 22-23 маусымда түнде 15-20, күндіз 20-25 градус жылы.

Жамбыл: 22 маусымда күндіз өткінші жаңбыр (1-10 мм), найзағай. Ауа температурасы 22 маусымда түнде 10-15, күндіз 24-29 градус жылы, 23 маусымда түнде 12-17, күндіз 27-32 градус жылы.

Түркістан: 23 маусымда күндіз өткінші жаңбыр (1-3 мм), найзағай. Солтүстік-шығыстан соғатын жел солтүстік-батысқа ауысады, күші 8-13, 23 маусымда екпіні 15-20 м/с. Ауа температурасы 22-23 маусымда түнде 15-20 градус жылы, 22 маусымда күндіз 30-35 градус жылы, 23 маусымда күндіз 32-37 градус жылы.

Маңғыстау: 22-23 маусымда өткінші жаңбыр (1-10 мм), найзағай. Ауа температурасы 22-23 маусымда түнде 18-23 градус жылы, 22 маусымда күндіз 23-28 градус жылы, 23 маусымда күндіз 25-30 градус жылы.

Абай: жауын-шашынсыз. Ауа температурасы 22 маусымда түнде 15-20 градус жылы, 23 маусымда түнде 18-23 градус жылы, 22-23 маусымда күндіз 30-35 градус жылы.

Шығыс Қазақстан: жауын-шашынсыз. Ауа температурасы 22-23 маусымда түнде 12-17 градус жылы, 22 маусымда күндіз 30-35 градус жылы, 23 маусымда күндіз 27-32 градус жылы.